

1 2008  
352 к.



Алаш мұрасы

БАЛҚАШ

---


БАФИН











Ей, замандас, дүниеге неге келдің? Ата-ананды куантқалы келген боларсың?  
Оның тура. Бар болғаны осы ма? Жоқ, әлде халқыңа адал қызмет істеп, келешек  
ұрпақтың болашағына қатысы бар қандай бір игілік ала келген боларсың.

Ендеше: Бай болсаң - халқыңа пайдан тисің, Батыр болсаң - жауыңа  
найзаң тисің.

Балқаш Бафин

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ  
МИНИСТРАЛІГІ

БАЛҚАШ

---

БАФИН

ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ "ОТЫРАП  
КІТАПХАНАСЫ" ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТЕУ ОРТАЛЫҒЫ



# БАЛҚАШ

---

# БАФИН

- ◆ Тарихи шежіре
- ◆ Тағдырлы тіл
- ◆ “Хат жаздым қалам алып...”



АМАТЫ “ЕЛ-ШЕЖІРЕ” 2007

“Алаш мұрасы” сериясының редакциялық алқасы: М. Құл-Мұхаммед, Е. Ертісбаев, Н. Оразов, Ф. Әнес, С. Қасқабасов, М. Қойгелдиев, Д. Әшімханұлы, С. Қирабаев, К. Нұрпейіс, Р. Нұрғалиев.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің “Отырар кітапханасы” ғылыми орталығының сирек қолжазбалар мен кітаптар қорындағы қолжазба бойынша дайындалып, Университеттің ғылыми Кеңесінде бекітілген.

**Жауапты ғылыми редакторлары және түсініктерін жазған** – филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Қ.Жұртбай, филология ғылымдарының кандидаты И.Нұрахмет.

Рецензеттер:

С.С.Қирабаев, ҚР ҰҒА-ның академигі, ф.ғ.д., профессор,  
Р.Ф.Нұрғали, ҚР ҰҒА-ның академигі, ф.ғ.д., профессор,  
Т.Қ.Зәкенұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

**Құрастырып, фотосуреттерді ұсынып, баспаға дайындағандар** – Никар Мұхамеджанқызы Бафина, Ә. Сейітқызы мен Алма Тұрсынқызы Жұртбай.

Б 22, **Балқаш Бафин**: Тарихи шежіре. Тағдырлы тіл. Хат жаздым қалам алып / – Алматы: “Ел-шежіре”, 2007, – 576 бет.

ISBN 978-601-7011-05-5

Барлық зиялылар сияқты қазақ ұлтының талайым тарихының талқысын басынан кешкен “Алаш ұранды” аяулы азамат, Шығыс Түркістан Республикасының (1946-1949) тарихындағы елеулі тұлға, ұлттық тәуелсіздік рухы үшін ату жазасына бұйырылған ұлт азаттық армиясының 13 полковигінің бірі, аудармашы, журналист, ғалым Балқаш Әлімғазыұлы Бафин марқұмның бұл жинағына оның осы уақытқа дейін ешқайда жарияланбаған тарихи-шежірелік зерттеулері мен қазақ тілінің тарихына қатысты монографиясы, сондай-ақ ұлт-азаттық күрес жолында қағазға түскен күнделіктері, шет елде жүрген отандастармен жазысқан хаттары, ой-тұжырымдары енгізіліп отыр. Мұнда ұлттық тәуелсіздікке ұмтылған қазақ зиялыларының рухы анық танылады.

0503020905  
Б—2007  
00(05)-07

ББК 63. 3 Қаз

ISBN 978-601-7011-05-5

© Балқаш Бафин , 2007  
© “Ел-шежіре”, 2007



## Тарих толқынында туған тұлға (Алғы сөз)

Дүние тарихы асты-үстіне бір төңкеріліп түсіп, патшалық империя қызылдар иемпериясына ауысып, ұлттық тәуелсіздікке ұмтылған “Алашорда” үкіметі қуғындалған тұста Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Райымжан Марсеков сияқты ұлт көсемдері 1918 жылы сәуір айында Шығыс Түркістанның бүйіріндегі Шәуешек қаласына барып, алаш ұранды қазақтың ұлттық санасын оятты (М.Юсупов түсірген олардың сол сапардағы суреті кітапта беріліп отыр). Сол сапарында ұлт көсемдері Шығыс Түркістан топырағына Алаш рухын орнықтырып, халықтық қозғалыстың мәйегін ұйытты. 1916 жылғы жаппай әскери жазалау мен кеңестік төңкеріс тұсында, төргілеу науқанында, ашаршылық нәубетінде қоныс аударған қара халықпен бірге зиялылар да шекара асып, ол жақта мәдени, оқу ағарту жұмыстарын қолға алды. Газет шығарып, ойын-сауық үйірмелерін ұйымдастырып, мектептер ашты. Бұл ұлттық теңдікке, өркениетке ұмтылу, демократиялық нысандарды орнықтыра дамытуға құлшындырды.

Алғашында Сталин “айттырып берген” жансыз орыс қызына үйленген билеуші Шын-сы сай бұны ерекше қостап, “Совсинторг” сияқты алпауыт сауда серіктігін құрып, 1936 жылы Шәуешек қаласында Кеңес консулінің ықпалындағы оқу-ағарту гимназиясын ашады. 1937 жылдан бастап кеңес өкіметінің саясатына еліктеп “халық жауын” әшкерелеу саясатына кірісіп, ақыл иелері мен ел иелерін тұтқындап, 60 мыңдай бетке шығар азаматтарды Үрімжінің түрмесіне тоғытады. Онда оларға қинаудың неше түрлі адам төзбес азабын көрсетеді. Басына темір құрсау салады, тырнағының көбесіне ине шаншады, үрпегіне ши жүгіртеді, қапқа салып, шеге қағылған тақтайдың үстінен домалатады. Шала жансар адамдарды қапқа салынған күйі Үрімжінің әйгілі “өліктер сайына” апарып тастайды. Олардың ыңырсыған үндері қала жұртына естіліп тұрады. Бұл да бір халықты үрейлендірудің жолы деп санайды. Ол туралы жеті жыл түрмеде жатып, қалың қырғында кездейсоқ аман қалған ақын Жолдыұлы Таңжарық:

Үрімжінің бөрі қан айналасы,  
Ұңғыл-шұңғыл ескі там, сай-саласы.  
Ит сүйрелеп ішегін өлген жанның,  
Құс шоқып, домаланып жатыр басы.

Келсеңдер Үрімжінің қаласына  
Көзінді сал қалтарыс сай-саласына.  
Ұмытпа өле-өлгенше осыны деп,  
Тапсырып кет балаңның баласына... , -

деп ашына жазды.

Міне, осындай буырқанған тарих толқынында туып, ағысқа қарсы өмір сүрген тағдырлы тұлғаның бірі Балқаш Әлімғазыұлы Бафин (1923–1986). Ата-ансы Тарбағатай тауының қос бөктерін тел еміп өскен, ел ұстаған адамдар. 1864 жылғы шекара бөлігінде атасы Бафы Емілдің төменгі сағасындағы Арқалықтың қойнауында қалып, үрім-бұтақтары Емілді өрлей Төрежайлау мен Барлық тауын өрістей қонады. Шығыс Түркістанның етегіндегі Мөдін Барлық бұлағының басында болыс Әлімғазы Жаманкөзұлының ошағында дүниеге келген сәбидің ұлттық намысы он бес жасында оянды. 1932–1939 жылдары Шәуешек қаласындағы бастауыш мектепте, 1939–1942 жылдар аралығында гимназияда, 1942–1944 жылдар аралығында Үрімжідегі Шинжаң Педагогика институтының филология факультетінде оқыды. Балқаштың туған әкесі Әлімғазы Жаманкөзұлы мен қайын атасы Нұртаза Шалғынбайұлы, тағы да басқа ел азаматтары Таңжарық ақын суреттеген азапқа түседі. Жастайынан ұлттық қанаудың тырнағына ілінген жас айналасындағы әділетсіздікке кектеніп өседі.

Алпыс мыңдай азаматтың өлі-тірісінен бейхабар, үрейлі жұрттың наразылығы барған сайын қозданып, ақыры ұлттық қозғалысқа ұласады. Алаш идеясына қаршадайынан қанығып өскен тарбағатайлық оқыған жастар да күрес жолын тандайды. Үрімжіден жоғары оқу орынын бітіріп, аймақтық дәрежеде қызмет істеген Дубек Шалғынбайұлы, Ахметқали Бітімбаев, Қалдыбай Қанафин, сол жылы гимназияны бітірген Жағда Бабалықов пен Балқаш Бафин Шәуешек қаласында астыртын “Ұлт азаттық ұйымын” құрады. Дубек Шалғынбайұлы ұйым жетекшілігіне сайланады. Олардың астыртын әрекетіне кеңес одағының Шәуешектегі вице-консулы Х.Ф.Зейнуллин (шын аты А.З.Абузаров) нұсқау, бағыт-бағдар беріп отырады. Астыртын жұмыс жанданып, қалың көпшіліктен қолдау табады. Осы тұстағы ел ішінің көңіл-күйі туралы Балқаш Бафин араға отыз жыл өткен соң өзінің үстінен Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне түскен арыздарға орай берген түсініктемесінде:

“1934-1943 жылдары (ол кезде біз Шауешек гимназиясында оқып жүргенбіз) Шығыс Түркістан өлкесіндегі саяси-экономикалық және өлеуметтік жалпы жағдай өте ауыр да күрделі болатын. Ұлт мәселесі асқына ушығып, жергілікті саны аз халықтың сабыры сарылып, тағат-төзімі таусылуға айналған шақ еді. Ұлыханьдық шовинист ұлтшылдар тарапынан олардың тартқан жөбір-жапа, көрген зорлық-зомбылығы, зұлымдық, азабы шектен асып кеткен еді. Осындай сорақы сойқан зұлымдыққа қарсы алдымен Алтай аймағының қазақтары ашық күреске шығып, партизандар ұйымдастырыла бастағанынан тарбағатайлықтар да хабардар болатын. Мұның үстіне Іле Аймағының таулы аудандарында өр ұлттан құралған көтерілісшілер жөніндегі “ұзын құлақ” қауесет те еміс-еміс естілетін... 1944 жылдың көктемінде Тарбағатай аймағының Шағантоғай ауданында Башбай Шолақұлы Бафин бастаған топтың Қытайға қарсы астыртын “Бүркіт” атты ұйымы жұмыс істей бастады. Башбай басқарған бұл ұйымның мүшелері Балқаш Бафин, Сарқытбай Бафин (бұл екеуі Башбайдың інілері), Манаж (Башбайдың балдызы), Әбілсерік (Башбайдың жиені) және Көрпебайлар Алтай мен Іледе даярланған Қытайға қарсы үгіт қағаздарын жасырын таратумен шұғылданатын (аталған топқа жасаған басшылығы мен батылдығы бағаланып, 1945 жылы азат болғаннан кейін, осы аймаққа Башбай Шолақұлы губернатор (уәли) болып тағайындалды).

Қытай басқыншыларына қарсы Үрімжі қаласында ұйымдасқан астыртын топтың түрмеден шығып, 1944 жылы Шәуешекке келген бұрынғы мүшелері: Дубек Шалғынбаевпен, Ақыметқали Бітімбаевпен, Жағда Бабалықовпен Шағантоғай ауданында астыртын жұмыс жүргізген “Бүркіттің” мүшесі Балқаш Бафинмен және Қалдыбай Канафиндермен біріккен “Ұлт азаттық тобы” атты ресми жаңа ұйым 1944 жылдың көктемінде өз жұмысын Шауешек қаласында бастады. Дубек жетекшілік еткен (Дубек Шалғынбаев 1947 жылы 26 жасында ауырып, қайтыс болды) топтың ұлыханьдық шовинист басшыларға Іле мен Алтайда партизандық ұйымның күн санап күшейе өсіп келе жатқанын хабарлайтын хаттары мен партизандар жасағын ұйымдастыруға шақырған үгіт уағыздары қала мен далаға таратылып жатты.

Сол жылы жайлау кезінде “ұйымның” тапсыруы бойынша Жағда екеуміз Барлық, Майлы-Жайыр тауларына барып, ондағы жаңадан ұйымдаса бастаған партизандар арасында жұмыс жүргізе бастадық. Біраздан соң, қаладағы “ұйыммен” болған байланысымыз үзіліп қалды. Артынан, өзімізден

шыққан жағымпаз-сатқындардың қаладағыларды (Дубек, Ақыметқали және Қалдыбайды) қытай жандармына айтып қаматқаны мәлім болды.

Бұл кезде Іле аймағы түгел Қытай басқыншыларынан азат етіліп, Құлжа қаласында “Азат Шығыс Түркістан Республикасы” деген атпен жаңа халық Үкіметі құрылғандығы туралы ресми хабар жарияланған болатын.

Мен бастапқы “Бүркіт” ұйымының басшысы Башбай Шолақұлының Іледегі “Азат Шығыс Түркістан Республикасы” басшыларына арнап жазған хатын алып және “Ұлт азаттық тобының” әр түрлі мәліметтері мен Тарбағатай партизандары ұйымының барысынан хабарлама жасау үшін, әрі көмек сұрай Құлжаға бардым. Осыдан соң, Тарбағатайға қосымша күш ретінде партизандар жіберілді, артынша жаңадан құрылған ұлттық армияның атты полкі тарапынан Толы, Дөрбілжін, Шәуешек қалалары басқыншылардан тазартылып, түрмедегілер (Дубек, Ақыметқали, Қалдыбай тағы басқалары) түгел аман-есен босатылды. Осыдан кейін, көп ұзамай Тарбағатай аймағының басқа аудандарымен қоса Алтай да азат етілді. Ұлыханьдық шовинист басқыншылардан азат етілген үш аймақта (Іле, Тарбағатай, Алтайда) өкімет билігі байырғы тұрғын халық өкілдерінің қолына берілді. Үш аймақ төңкерісшілері өкіметін Орталық Қытай Үкіметі ресми танып, келісімге келді, екі жақ өкілдері қол қойған бейбіт бітім 1946 жылы жасалды. Сөйтіп, Шығыс Түркістан жерінің байырғы иелерінің азат өмір сүрген аз ғана 5 жылдық ғұмыры басталды” – деп жазды.

Астыртын ұйым мүшелері ашық майданға шыққан тұста Б.Бафин 1945-1946 жылдары партизан жасағының командирі, сонымен сәйкестендіре атты әскер полкінің әскери барлау бөлімінің бастығы дәрежесінде алғы шепте болады. Гоминдаң өкіметінен азат етілген соң Тарбағатай губернаторының қоғамдық қауіпсіздік мекемесінің бастығы және хатшысы міндетін қоса атқарады. Іле, Тарбағатай, Алтай аймақтарында ұйымдастырылған Ұлттық Армияның бас штабының ұйғаруы бойынша 1946 жылы Б.Бафинге подполковник әскери атағы беріліп, Тарбағатай атқыштар полкінің полк командирінің саяси орынбасарлығына тағайындалады. 1947 жылы Қобық атты әскер полкіне ауысып, әскери жорыққа қатысады. 1948 жылы Ұлттық Армияның Бас штабына Саяси бөлімнің бастығына бекітіліп, сол жылы саяси партия дәрежесінде ұйымдастырылған “Одақтың” (Ассосацияның) армиядағы бас секретары болып сайланады. Қосымша Бас штаб шығарып тұрған “Төңкеріс таңы” атты газеттің редакторы міндетін сәйкестендіре атқарады. 1950 жылы өлкелік өкімет пен Бас

штабтың ұйғарымы бойынша “Одақтың” барлау бөлімінің бастығы және оның қазақ тілінде шығатын “Одақ” журналының редакторы қызметіне тағайындалады. Сол жылдардағы жауынгерлік ерлігі үшін “Бостандық үшін” (1946), “Тәуелсіздік үшін” (1948), “Азаттық үшін” (1949) ордендерімен, кейіннен “Батыс солтүстікті азат етуге қосқан үлесі үшін” және “Халыққа сіңірген еңбегі үшін” медальдарымен марапатталды.

Шығыс Түркістан республикасы саяси сақнада ресми түрде бес жыл өмір сүрді. Азаттықтың ақ таңы ұзаққа созылмады. Кейінгі құпия құжаттардан мәлім болып отырғанындай екінші дүние жүзілік соғыстың нәтижесін қорытындылаған СССР, КХР, АҚШ сияқты империялардың өзара саяси ықпалы мен жер бөлісі туралы құпия келісім шарттарының салдарынан Шығыс Түркістан республикасы таратылып, ол Қытай коммунистік партиясының талабымен Қытайдың қарамағына беріледі, ал Монғолия – СССР-дің идеологиялық саяси бақылауында қалады. АҚШ-қа Ауғанстан бұйырады.

1949 жылы желтоқсан айында Шығыс Түркістан республикасының Ұлт азаттық армиясы таратылып, жылап тұрып “салтанатпен қарсы алынған” Қытай армиясының құрамына 5 корпус ретінде бағындырылды (Ұлттық армияның таратылар алдындағы Бас штабтың суреті беріліп отыр). Қайтадан қарамағына ілінген аз ұлтты “ашулы арыстан” бірден сескендіріп алу үшін халық арасында “Үш дәрежелі кадрлар жиыны”, ал әскер арасында “Лауазымды әскери шенді офицерлердің жоғары саяси курсы” дегенді сылтау етіп оларды жинап алып, “үйретуді” бастап кетті. Ел маркасқалары мен жер иелерін “жұртты сескендіру үшін” мойнына “кінәсі” жазылған қарғы тағылып, көшеге шығарып, тұрғындарды жиып әкеліп солардың көзінше атылды. Сөйтіп, азаттық та, әскери атақ та мансұқ етіліп, Әскер арасындағы тазалау жұмысы жүргізіліп, олардың жауынгерлік ерліктері “жазаға лайық” деп бағаланды. Жоғары әскери курс – талқы орнына айналды. Гоминданға қарсы соғыс – “қытайға қарсы соғыс” деп танылып, Б.Бафин және де басқа 13 полковникке “теріс төңкерісшіл” деген жала жабылып, бәрі де ату жазасына кесілді. Жауынгердің қосағы Әминә Бафина (Нұғыманова) да қосақталып, оларға өзінің көрлерін өздеріне қаздырды (Олардың “зындан қазып” жатқандарының үстінен Айтуған атты зиялы түсіп, сырттағы ағайынға хабар береді. Мұны досы Қ.Қанапин растайды. Сол “мырзақамакта” немере қарындасы Нұрқан Башбайқызымен түскен суреті кітапта беріліп отыр). Күн сайын өлім күтіп, өзегі өртенген 1950-1951 жылдардағы мұндай қинаудан екі түрлі жағдайдың себебімен құтылады. Бірінші, Орталық өкіметте “Ұлттық

аймақтарда солшылдық науқаны орын алды” – деген сөз қозғалып, батыстағы 5 ұлттық өлкенің хатшылығына Шижүң шың деген хатшы жіберіп, жазаны уақытша тоқтатады. Екінші тура сол кезде аз ұлт өнерпаздары бүкіл қытайды аралап ойын-сауық қоюға ұйымдастырылады. Оған Әмина да шақырылады. Кеңес одағының Үрімжідегі консулі И.Өлмесовтің көмегімен: мұсылман әйелдердің қасында жұбайы да жүру керек – деген сылтаумен Балқаш та артистермен бірге ішкі өлкеге аттанады. Ойын-сауық үйірмесі Пекинге келіп өнер көрсетеді. Аса лауазымды адамдардың ақылымен екеуі де Пекинде қалып, Орталық ұлттар университетіне оқуға түседі, Балқаш Ұлттар баспасына аудармашы болып қосымша істейді. 1955 жылы кеңес-қытай мемлекеті арасындағы достық қарым-қатынасты пайдаланып, үкімет мүшесі Бұрхан Шаһидидің демеуімен Кеңес одағына бір жылдық саяхатқа рұқсат алады. Алматыға келіп өзі облыстық “Коммунизм туы” газетінің әдеби қызметкері, Әминә Құрманғазы атындағы консерваторияға оқуға түседі.

Тарих отанына оралған соң тыныстары кеңіп, таныстары көбейеді. Әсіресе, Бауыржан Момышұлы, Ахмет Жұбанов, Мәлік Ғабдуллин, Роза Шамжанова, Әбдуәли Қарағұсов сияқты беделді тұлғалармен етене араласып, ағалық-інілік қарым-қатынаста болады. Әминаның айтатын өндері нотаға түсіріліп, А.Жұбановтың көмегімен баспадан шығады. Әсет Найманбаевтің Ахмет Байтұрсынұвтармен Шәуешекте түскен суретінің жариялануына дөнекер болады. Осылай қанат жайып келе жатқанда қытайда тағы да күрес науқаны басталып, Б.Бафинді кері шақырады. Ол жақта өлім күтіп тұрғанын білген олар әжесі Жақия Тұрғанбайқызының қазақстандық басқұжатына сүйеніп Кеңес азаматын қабылдауға өтініш береді. Үш жылға созылған мұндай қиын-қыстау кезде жоғарыда аталған ел азаматтары ерекше қамқорлық жасап, рухани көмек көрсетеді. Тіпті бір жолы Бауыржан Момышұлы оларды күшпен шетке шығарып жіберуге ұмтылған қытай консулына еріп келген сақшылардың алдын тосып, қонақүйдің бөлмесіне кіргізбей қояды. Тек 1959 жылы ғана азаматтық алады. Екеуі де ғылыми жұмысқа ден қояды. 1959 жылы желтоқсан айында Қазақ ССР ғылым академиясының Тіл білімі институтына кіші ғылыми қызметкер болып орналасады. Ол мұнда табан аудармай ширек ғасырға жуық еңбек етеді.

Жастайынан көркемсөзге құштар, өлең, мақала жазып, түрлі басылымдарға редактор болып, “үлгілі, ойлы сөз қалдыруды” (Балқаштың өз сөзі) армандаған Балқаш “Шығыс Түркістан қазақтарының тіліндегі қытай тілі элементтері” деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғауға бекінеді.

Диссертация 1964 жылдары жазылып бітіп, 1966 жылдары қорғауға дайындалып, әр жерге пікір білдіруге жолданады. И.М.Ошанин, Т.Рахимов сияқты мәскеулік қытайтанушылар жоғары баға береді. Алайда СССР мен ҚХР-дің арасындағы қырғиқабақ саясатқа байланысты түрлі-түрлі түсініксіз тосқауылдарға тап болады. Соған қоса “жалған жанашырлар” да қарап жатпайды. Орталық партия комитетінің бақылау комиссиясы мен Қауіпсіздік комитетіне, институтқа, т.б. мекемелерге домалақ арыз жазып, қалыптасқан саяси жағдайды пайдалана отырып дұрыс мақсатты бұрмалап:

“...Правильный подход к исследованию особенно важен в области китайских заимствований сейчас, когда великоханские шовинисты во главе с группой Мао развернули интенсивную враждебную пропаганду против нашей партии и страны, выдвинули территориальные претензии в отношении Советского Союза и даже довели дело до вооруженных инцидентов на границе весной и летом 1969 года. Для оправдания своих претензий китайское руководство фальсифицируя историю “подгоняют” тюркско-монгольские географические наименования отдельных местностей территории Казахстана и этим пытаются “доказать” принадлежность этой территории Китаю.

... Джамбул – имя Великого поэта Казахского народа, а так же гор. Джамбул все это и им подобные более 200 терминов, насчитывающихся в кандидатской диссертации Б.Бапина вымышленно и произвольно приписываются заимствованию из китайского языка, что в нынешних условиях может служить “доводом” и хорошей пищей для китайских шовинистов для оправдания и “доказательства” их претензий.

Эту диссертацию за последних два года отдельные ведущие работники института языкознания пытались протащить во Фрунзе, затем в Ташкенте, но так как это не удалось, наконец, в этом году диссертанта направили с диссертацией в Москву, но так как работа выполнена на казахском языке, ученые Москвы предложили представить аннотированный вариант диссертации, не более чем на 4 печат. листах в переводе на русский язык. На этот вариант диссертации под страхом полного разоблачения его вымыслов не пошел, и пользуясь незнанием китайского языка и злоупотребляя доверием дирекции института, на состоявшемся на днях Ученом Совете института Б.Бапину удалось добиться рекомендации ее к защите, здесь, в Алма-Ате.

Допустить к защите подобную диссертацию, это не только причинение большого вреда для науки Казахстана, но и

огромный вред в этой области. Поэтому просим ознакомиться с упомянутой работой и убедиться в ее подобном содержании прежде чем она будет допущена к защите.

С просьбой: член КПСС (Жолдыбаев)” – деп жазды.

Тексеру барысында Жолдыбаев деген мүлдем жоқ адам, “жазғыштың” жорта есімі болып шықты. Бұдан өзге де көпшілік боп қол қойған жалалар диссертацияның қорғалуын кешеуілдете берді. Б.Бафиннің әділеттілікке жүгінуді сұраған хаттары жауапсыз қалды. Керісінше енді оған “Шығыс Түркістанның тұсында кеңес өкіметіне қарсы барлау жүргізді” деген айып тағылып, соңына жансыздарды салып қойды. Ғылыммен айналысатын қаламгер арыздар мен жалаға түсінік, жауап жазумен мұқалды. Бұл жағдайлар ғалымды іштей қатты қажытты. Ақыры 1976 жылдан бастап диссертация қорғаудан саналы түрде бас тартты. Ұзақ жылдарға созылған жанығудан соң өз еркі өзіне тиіп, сонау 1942 жылы Үрімжі қаласының сайындағы жарлауытқа лақтырыла салған әкесіне құрмет ретінде Мақаншы ауданындағы ата-баба қорымына белгітас қоюға ұмтылады. Міне, осы тұста тағы да домалақ арыздар көбейіп: шекара ауданындағы тұрғындардың көңіл-күйін бұзады, кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізеді, әкесіне ас беру – феодализмнің қалдығы – деген сияқты жала жабылады. Бұл әрекет Б.Бафиннің шыдамын тауысып, жүйкесін жұқартты. Сонда да ғылыми жұмыстан шеттеп қалмады. “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің” 7–8 томдарын жазуға, Қожа Ахмет Яссауидің “Диуан хикметін” зерттеуге ат салысты. 1986 жылы зейнетке шыққан соң бұрыннан айналысып жүрген қазақ шежіресі мен тарихына қатысты деректерді жинақтап “Тарихи шежіре” деген атпен қағазға түсіре бастайды. Алайда ол еңбегін толық аяқтауға азапты күндерде әбден әлсіреп, қажыған жүрек мұрсат бермеді.

1986 жылы 26 қыркүйек күні дүниеден қайтты.

\* \* \*

Шын мағынасындағы отаншыл, ұлтшыл, бастаса елдің көсемі, сөйлесе сөздің шешені, тарихи шежіреші, ер мінезі жұмсаққа бергісіз қатал әрі нәзік, әділ, турашыл, адамға мейірім-қайырыммен қарайтын, көпке болсын деп тілейтін, аса мәдениетті, жылы жүрегімен, жайдары қабағымен айналасын үйіріп алатын аяулы азаматтың артта қалған мұрасын мұқият жинап отырған ғалымның жары Никара Бафина мен жиен қарындасы Әмина Сейітқызы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы “Отырар кітапханасы” ғылыми орталығының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорына тапсырған еді. “Сабақты ине сөтімен”



дегендей, енді, міне, сол қолжазбалар қалың қауымның назарына ұсынылып отыр.

Жинақ тақырыптық және жылнамалық жүйеде құрастырылды. Ғалымның тағдыры мен ғылым жолындағы “тар жол, тайғақ кешуінен” барынша толық мағлұмат беру үшін қойын дәптері мен күнделіктері, өзі туралы пікірлер жеке тақырыппен берілді. Ал диссертацияға және ғылыми еңбегіне қатысты пікірлер түсініктеме тарауында оқшау орналас-тырылды. Ол пікірлерді оқыған адам Б.Бафиннің жандүниесін тереңірек түсінер деген ойдамыз. Әрине, арыз-шағымдарды және оны ұйымдастырған адамдар туралы мәлімет беруді артық санадық.

Ұлты үшін күйіп-жанған жүректің өмірде қалдырған бір белгісі, Ғылыми орталықтың күшімен дайындалған осы жинаққа қол үшін беріп қолдап, түсіністік танытқан жана-шырларға, филология ғылымдарының кандидаты Иманғазы Нұрахметке, Райхан Мөженқызы мен Дидахмет Әшімхан-ұлына ризашылығымызды білдіреміз.

**Т. Қ. ЖҰРТБАЙ,**

*Л.Н.Гумилев атындағы БҰУ-нің жанындағы “Отырар кітапханасы” ғылыми орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.*

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### ТАРИХИ ШЕЖІРЕ

*Алматы. 1986 жыл.*

Тарихи деректер бойынша Жұлдыз ханның екі ұлының бірінен қыз – Алун-Гуа, енді бірінен ұл – Дүбін-Баян туған. Кейін екеуін некелестірген. Алун-Гуа (Көркем) ана Дүбін-Баяннан бірнеше ұл тапқан. Ал Дүбін-Баян отызға жетпей қайтыс болғанда, Алун көркем жесір күйінде Боданжар деген ұл тапқан. Сондықтан Боданжар – “Нұрдан жаралған” деген белгілі аңыз бар. Боданжар асқан саятшы, құс бегі болған. Лакабы (монғолша) Ежке-Абукен.

Боданжар баласы Бұқа хан – Думын – Қайду – Байсұңқар – Тумне – Қабул – Бордан – Ясукей – Шыңғысхан.

### ШЫҢҒЫСХАН

(Темушжен/Темушин – Шынтемір)

Тарихта тұңғыш бір тұтас монғол патшалығын құрушы, өз заманының аса ірі әскери және мемлекет қайраткері болған. Дала әкімдерінің 1206 (Барыс) жылғы құрылтайында Ұлы хан болып сайланып, “Шыңғыс хан” (түрікше – теңіз, мұхит деген сөзден шыққан) лауазым – манап атағын алған.

Шыңғыс ханның әкесі – Ясукей батыр, анасы Оэлуи меркіт Екешиделудің қызы. Шыңғысхан 1155 (доңыз) жылы Унон өзенінің Делунбулда деген жерінде (оң қолына қан уыстап) туған. 1227 (доңыз) жылы августың жиырма бесі күні (7-айдың 12-сінде Түремги деген жерде делінген дерек те бар) 72 жасында қайтыс болған. “Осы жер менің сүйегімді қоюға лайықты” – деген өзінің өсиеті бойынша сүйегін Бурханхалдун тауында жерлеген (Шыңғысханның сүйегімен бірге 40 сұлу қыз қоса көмілген деген аңыз бар). 1938 жылы Манжүрияны Жапондар басып алғанда Шыңғысханның қабірі Шыңжаң өлкесіндегі Гумбум монастріне көшірілген. 1954 жылы Қытайдан Ордосқа алып келінген. 1956 жылы биіктігі 25 метр, майданы 2400 метр күмбез орнатылған. 1962 жылы 22-29 июнь аралығында Қытай бойынша Шыңғысханның

туғанына 800-жыл толуына байланысты Хохот қаласында (ішкі Монголияда) зор салтанатты жиын-той өткізілген.

Шыңғысханға сыйлыққа келген көп әйелдердің ішінде сүйіктісі бесеу болған. 1 – Ақбөрте бәйбіше ( қоңырат Дай шешеннің қызы), 2 – Күлән (Күнсұлту (Дайырүсін деген меркіт қызы), 3 – Ясуган (татар қызы), 4 - Конжуту (қытай қызы. Қытай оны 1206 жылы Шыңғысханға сыйлыққа тартқан), 5 – башқұрт қызы. Мұның сыртында Найман Таянханды өлтіріп, оның тоғыз тарам ақ туына қоса әйелі Корбасуды да өзіне әйелдікке алған.

Шыңғысханның тоғызыншы бабасы Боданжар әкесіз туған (яғни, “нұрдан жаралған” – деген аңыз бар). Боданжардың анасы Алуын көркем (Аланқуа) күйеуі Дүбүн баян өліп, жесір қалған ол екі қабат болып, Боданжарды тапқан. Туыстары намыстанып, Аланқуаны өлтірмекші болады: “Сендер алдымен күнде менің үйімді андып көріндер. Онда ешнәрсе байқалмаса өлтіріңдер” – деген соң, күнде үйін андып бақса, шаңырақтан нұр сияқты жарық сәуле түскен. Артынша орта бойлы, сары шегір (боржиған-шақар) көзді, селдір жирен сақалды адамға айналып, Аланқуаның төсегіне кіріп кеткен. Демек, Боданжар осы адамнан (нұр-сәуледен) жаралған-мыс. Осымен байланысты Шыңғысхан әулеті өздерін “Нұрдан жаралған” (алтын ұрпақ) деп түсінген. Қызыл сары түсті – нұрға, сәулеге балап, “киелі” деп есептеген. Сары құла атты “сетер” деп мойнына тұмар тағып қастерлеген.

Жоғарғыдай аңыз әр елде де болған. Мысалы, “Інжілдің” айтуынша, Ыбырайым пайғамбар нұрдан пайда болған (әкесіз туған). Мариям ана күйеуге тимей-ақ, қыз күнінде Ғайса пайғамбарды тапқан. “Інжілдің аңызында айтылуынша, Ғайса Құдайдың нұрынан пайда болған. Яғни, Ғайса пайғамбар Құдайдың ұлы.

Тағы бір мысал, ежелгі Грек тарихында Зевстің қызы Афина туралы да баллада – қызық аңыз бар: Зевстің қызы Афина басына дулыға, үстіне темір сауыт киген қалпында әкесі Зевстің көбе сүйегінен шыға келген-мыс. Ол әрі соғыс құдайы, ақылдың, тапқырлықтың иесі, көркем өнердің, білімнің, қол өнердің қамқоршысы, мата тоқу, жіп иіру, ауруды емдеуді үйретуші т.б. болып есептелген. Грециядағы қаланың аты осы қыздың атымен Афина аталған (біздің “Афенді” деп жүргеніміз осыдан өріп өзгерген сөз деуге болады).

Шыңғысхан әкесі Ясукейден доңыз жылы 13 жасында жетім қалған. Доңыз жылы 40 жасында қаған болған. Таңғұттарға екінші рет аттанған жолында 72 жасында қайтыс болған. Шыңғысханның ақ жібек матадан тігілген туында

қарғаны тұяғына іліп ұшып жүрген ақ сұңқар бейнеленген (яғни, өзін ақ сұңқарға, өзгелерді қарғаға теңеген).

Армияда тәртіп орнату және әскери заң үшін 1206 жылы жасақ (жосық) заңын шығарған. 1207-1211 жылдары Шығыс Түркістанды, якуттарды, ойраттарды, қырғыздарды, ұйғырларды бағындырған. Қолбасы Мұқылы Жалайыридің басқаруымен 1215 жылы Пекинді және солтүстік қытайды түгел алған. 1219 жылы Корея патшалығының тізесін бүктірген. Шыңғысханның Ақбөрте бәйбішесінен туған төрт ұлы болған. Жошы, Шағатай, Үкітай, Толы.

## Жошы

(Жолшы/Жолаушы)

Шыңғысханның Ақбөрте бәйбішесінен туған үлкен ұлы тау арасында жолда туғандықтан, сабанның ішіне ұн салып бөлеп алып келген. Жолда туғандықтан, Жошы (Жолшы/Жолаушы) аталған. Шешесі Ақбөрте қоңырат Дай шешеннің қызы. Ақбөрте Меркіттің тұтқынынан құтылып келе жатқанда босанған.

Жошы 1187 (қой) жылы туған. 1227 (доңыз) жылы 40 жасында қайтыс болған.

Қазір Жезқазған қаласынан 45 шақырым теріскей Кеңгір өзенінің жағасында орнатылған күмбез күні бүгінге дейін сақталған. Күмбездің ішіндегі табытты “оқымысты” қарақшылар әлденеше рет тонап үптеген. Бірақ тастан қаланған күмбезді қирату қолдарынан келмеген. Күмбез Жошы қайтыс болған соң бір жылдан кейін 1228 жылы тұрғызылған. Жошыға қараған оғыз, қыпшақ, найман, қоңырат, керей, арғын, қаңлы т.б. тайпалардың басшылары қатысуымен салынған. Ішін өрнектеген тас кірпіште жазу да болған. 1911 жылы Атбасар ауданын билеген бір ұлық өрнекті тас кірпіштерді сындырып алып, музейге жіберген. Соңғы кезде күмбезді қазғанда ішінен екі адамның сүйегі шыққан. Бір сүйектің оң қолы жоқ екені анықталған. Бұл “Жошыны аң аулап жүргенде құланның ақсақ айғыры шайнап өлтірген” деген аңызға үйлеседі. “Жошыны жерлегенде, бір қолы жоқ болған” деген жорамалға да келеді.

Екінші сүйек Жошының бәйбішесі Бектутмыш (керей Уаңханның қызы) болу керек делінеді. Қабір астына төселген қалақ кірпішке арап әрпімен “Ықпал” деген сөз бірнеше қайтара жазылған.

Хорезм шахтың 60 мың адамдық әскерімен шайқасуда күш ара салмағы кем бола тұрып, Жошы қолбасшылық талантымен жеңіп шығып, көзге түскен.

Шыңғысханның Жошыдан басқа балаларының бәрі әскермен бірге өз жеріне қайтқан. Журжанидің мәліметіне қарағанда: “Жошы қыпшақтарды жақсы көріп кеткені сонша, өзі осында қалып, бұл елді бүліншіліктен азат етуге бел байлаған. Ол өзінің пікірлес адамдарына: “Шыңғысхан сірә алжасқан. Өйткені ол соншама жерді ойрандап, сонша халықты қырғынға ұшыратып отыр. Сондықтан мен аңға шыққан кезде өкемді өлтіріп, мұсылмандармен одақ құратын шығармын” – дегенді айтқан. Оның бұл ойын Шағатай сезіп қалып, әкесіне жеткізген де, әкесі білдірмей оны өлтіруге әмір еткен ...

Жошы ерен күшті, ержүрек, алған бетінен қайтпайтын адам болған. Оның қаһарынан әкесі сескенген.

Бір аңызда: “анда жүрген Жошыны Шыңғысханның өзі өлтірген” – деген де қауесет бар. Тағы бір деректе “құлан теуіп өлтірген” – делінген. Осыған байланысты “үйірлі құлан жосыған, ақсақ құлан шошыған, балаң өлді осыдан...” – деп домбыра тілімен күйші Кетбұға Шыңғысханға көңіл айтқан. “Баламның өлгенін естірткен адамның көмейіне қорғасын құямын” – деген Қағанның қаһарынан шошыған елдің ешқайсысы қаралы хабарды айтуға батылы бармаған. Жошының қаза тапқанын Шыңғысханға тек Кетбұға күйші ғана естірткен. Алдымен: “Теңіз бастан бұзылды, кім тұндырар а, хан ием” – деп бастай келіп, артынша “Ақсақ құлан – Жошы хан” атты атақты күйін домбырамен күңіреткен. “Жошы қайтыс болған екен ғой. Айтқаным-айтқан, қаралы хабар өкелген адамның көмейіне қорғасын құямын” – дегенде Кетбұға күйші: “Тақсыр, естірткен мына домбыра-ғой. Құйғызыңыз осының көмейіне қорғасынды” – деген. Сонымен, домбыраның шанағының көмейін тесіп, қорғасын құйылған екен. Хан жарлығы осылай орындалған.

Жошының өлімін домбырамен Шыңғысханға естірткен Кетбұға тарихта болған адам. Ел қамқоры, дана ақсақал, атақты би. Найман ішінде Балталы, 1150 (жылқы) жылы туып, 1227 (доңыз) жылы өлген.

Шыңғысхан көзі тірі кезінде тұңғыш баласы болғандықтан, Жошыға Қаялық (сый алқаны) пен Хорезмнен басталып, Еділ бойындағы Саксин мен Бұлғарға және “монғол атты әскерінің тұяғы тиетін” елдерге дейінгі ұлан байтақ жерлерді еншіге берген.

Жошының ордасы Ертіс алқабында болған.

**Жошының он екі ұлы болған.** Орда-ежен, Бати (Бату батыр), Береке, Тоқайтемір, Шайбан/Шибан, Шетай, тағы басқалар.

Орда-ежен Жошының үлкен ұлы, Шыңғысханның немересі. Ақ Орданың және ондаған хан әулетінің негізін

қалаушы болған. Жошы әскерінің сол қанатын басқарған. Батудың батысқа жасаған жорықтарында, әсіресе, Венгрияны алуда ерекше күш көрсеткен. Бати – ханның алдында өте беделді болған. Інісі Батиды Алтын орда тағына отырғызған. 1250-51 жылдарғы Шағатай ханзадалары мен өмірлері жасаған сарай төңкерісін тексеруде Орда-ежен ешкімді араластырмай-ақ, жалғыз өзі төңкеріс жасаушыларға үкім жазасын кескен. Монғол патшалығы атынан Менгу хан өзі шығарған үкімдері мен жарлықтарына Орда-еженнің атын Батидан бұрын қойған.

**Бату (Бати/Батыр)** – Жошының ұлы, Алтын Орданың ханы. Лақабы Сайынхан (сағымға садақ ілген Сайынхан), Шыңғысханның немересі. Жасында Хажырақым әл Бағдидан мұсылманша оқыған. 1208 (мешін) жылы туған. 1255 (қоян) жылы 47 жасында өлген. Еділдің жағасындағы (Ахтуба алқабы) аралдарының біріне орналасқан Сарай (Сарайшық) қаласына (Астраханның солтүстігінде 65 шақырым жерде) қойылған.

1237-38 жылдары Ресейді бағындырған. Астанасы Сарай Бати болған. 1242 жылы Владимир князы Ярослав I Батига берілгендіктен, оны “барлық орыс князьдарының” – бүкіл русстың “әмірі” етіп белгілеген. “Ескі Сарай” деп аталған Бату негізін қалаған Алтын Орданың астанасы 1254 жылы (қазіргі Астрахан облысы, Каралин ауданы, Селитренное селосында) салынған. Мұны “Үлкен Сарай” деп те атаған.

1229 жылы Қаракұрымдағы (Монғолиядағы) құрылтайға қатысып, мұнда Өгедейді (Өкітайды) монғол патшалығының Ұлы қағаны сайлануына тікелей күш салған.

1236 жылы Бату қолы батысқа жорық жасап, 1237 жылы күзде Еділ Булгарларының басты қаласы Булгарды бағындырған. 1240 жылдың аяғында Венгрияға, Польша мен Далматияға басып кірген. Дунай өзенінен өтіп, Жер орта теңізінің жағасына дейін барған. 1241 жылы декабрьде Ұлы қаған Өгедей өлгеннен кейін Балқанды тастап, өз Ордасына қайтып оралған.

Батидың әр елден сыйлыққа берілген 26 әйелі болған. Небәрі төрт ұлы болған. Алтын Орданы қалыптастыруда, Қазақстан жеріндегі түркі тайпаларының бірігіп, нығаюына Бати ерекше көп еңбек сіңірген. Данышпан (Сайын) мемлекет қайраткері деп бағаланған.

**Бүрге/Береке (Берке/Беркей)** – Жошының үшінші ұлы, Бати ханның інісі, 1209 (қоян) жылы туған, 1266 (барыс) жылы 57 жасында қайтыс болған. Ислам дінін Дешті қыпшаққа енгізуге жол ашқан. Кезінде араб елдері Алтын Орда мен Дешті Қыпшақты “Берекелі” деп атаған. Сүйегі “Сарай Берекеге” жерленген. 1260 жылы Береке хан негізін қалаған

Алтын Орданың астанасы “Сарай Береке” де (Жаңа Сарай, қазіргі Волгоград облысы, Ленин ауданы, Тысарев селосында) 1333 жылы болған араб саяхатшысы ғалым Ибн Батута: “Жазираға салынған қалалардың бірі. Адам көп. Онда көрікті көшелер мен сәулетті базарлар бой көтерген”, – деп жазып қалтырған. “Сарай Береке” Ақсақ Темір тарабынан талқандалған.

Береке хан 1257 жылы салық алу үшін орыстың халық санағын жүргізген.

Мамлюктер (Ақ құлдар) басшылығында билік жүргізген Бейбарыс қыпшақ сұлтан арқылы Египетпен (Мысырмен) 50-ге жуық елшілік алысып, сауда және мәдени қарым-қатынасын дамытқан. 1258 жылдан 1277 жылға дейін Бейбарыс сұлтанмен достық одақ орнатқан. Бейбарыс сұлтан қыпшақтың Буржоғалы руынан шыққан даңқты адам болған. Өзі әрдайым Мысырдан Берекеге түрік тілінде хат жазып тұрған.

Дешті қыпшақтан тұтқын етіп алып барып, Бейбарысты Дамаск (Дамшық) қаласында 800 динарға (ақшаға) құлдыққа сатқан. Бір көзінің ағы болғандықтан, бағасы кемітілген. Онан көп жапа шеккен. Оны әмір Айдакин әл Бундуқдари деген сатып алған. Бейбарысты бұрынғы сатып алған қожасының бағы қайтып, қолдағы құлдарынан айырылған. Сол кезде тума қабілетті де дарынды Бейбарысты Салих сұлтан деген өзінің әскеріне қолбасшы етіп алған. Осыдан бастап қыпшақ Бейбарыстың бағы ашылған, 1260 жылы Бейбарыс Египеттің (Мысырдың) сұлтаны болып жарияланған.

### **Монгу–Темір/Мангу–Темир** (Мөнке – Темір)

Туған-өлген жылы белгісіз. Алтын Орданың ханы. Жошынның әулеті. Береке ханнан кейін 1266 жылдан 1280 жылға дейін Алтын ордада хан болған. Батидың немересі. Екінші рет Ресейде халық санағын жүргізген. Ислам дініне арқа сүйеген. Дін адамдарын алым-салықтан босатқан. Египетпен қарым-қатынасты күшейткен.

### **Тоқта/Тоқты**

Туған жылы белгісіз. Жошынның әулеті, 1312 жылы өлген. Алтын Орда ханы. Бати ханның шөбересі. 1288 жылы Тоқтаны Ордадағы бауырлары қуып жіберген соң, Ноғай ханды (Баһадур ханды) паналаған. Ноғай ханның жәрдемімен 1291 жылы қайтадан таққа отырған. Тоқты орыс жеріне шабуылға шығуға дайындалып жатқан кезінде қайтыс болған.

## **Өзбек хан** (Сұлтан Мұхамет)

Жошының әулеті, Бати ханның тұқымы, Тоғлұқтың (Тоғрылдық) ұлы, Менгу-Темірдің шөбересі, 13 жасында 1313 жылы таққа отырған. Туған жылы белгісіз. 1342 (жылқы) жылы қайтыс болған. Өзбек хан өлгеннен кейін Алтын Орда да орталық билік әлсіреп, ұлыстар алды-алдына бөліне бастаған.

Шыңғысхан тұқымынан екінші болып (Береке ханнан кейін) Өзбек хан мұсылмандықты қайта қабылдаған. Сондықтан “дін Өзбектен қалды” деген нақыл сөз қалған. 1314 (барыс) жылы 4-декабрь күні құрамында 174 адам бар Өзбек хан елшілері Египетке (Мысырға) барған. Египеттің елші-сахаятшылары да Өзбек хан еліне жиі-жиі келіп-кетіп тұрған. Қарым-қатынас жақсы жолға қойылған.

Бұл тұста Өзбек хан Мәскеу князі Юрий Даниловичті “Ұлы князь” деп жариялап, оған өзінің қарындасы Күншекені әйелдікке берген де, Тверь князі Михаил Ярославовичке қарсы айдап салып отырған. Сөйтіп, орыстарды бірін-біріне қырғи қылып, қырқыстыру саясатын қолданған. Осы тұстан бастап, бұрын “түрік” деген атты малданып келген Дешті қыпшақтың бірталай ру-тайпалары, ендігі жерде “өзбек” деген атауды тайпалық атпен бір дәрежеде қатар қолданылған, олардың өз атауы есебінде болған. Атап айтқанда “көшпелі өзбек-қазақ бірлестігі” деген атау талайға дейін қолданылған. Шежіре деректерінде 92 баулы өзбектің ішінде Қыпшақ, Найман, Жалайыр, Қаңлы, Қоңырат, Ұйғыр, Қытай, Маңғыт, Дүрмен, Қатаған, Қият, Құты, Сары, Кенегесі, Қырық т.б. болған.

### **Жәнібек**

Туған жылы белгісіз. Жошының әулеті. 1357 жылы өлген. Алтын Орда ханы. Өзбек ханның баласы Тай-дұғалы бегімнен туған. Әкімет басына келу үшін ағасы Тыныбек пен інісі Қадырбекті өзі өлтірген. Өзі де баласы ұйымдастырған сарай жанжалында құрбан болған. Оның өз өміріндегі бір ісі орыс княздарынан алым-салық жинауды тәртіпке келтірген.

### **Бердібек**

Туған-өлген жылы белгісіз. Жәнібектің баласы. Өзбек ханның немересі. Өзара бақталастық жанжалдың құрбаны болған (екінші бір деректе өз ажалынан өлген). Осымен Бати ханның тұқымы түгел біткен.